

Интертақтасыз сабақты қалай қызықты өткізуге болады?

Ақтау қаласының 1 ЖББМ мектебі

Есенғазықызы Г, қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі

Интертақтасыз оқытудың негізгі түсінігі - дәстүрлі әдістерді қолдану. Бұл сабақтарда интерактивті тақталар орнына, оқушылардың белсенділігін арттыратын басқа құралдар пайдаланылады. Мен өз тәжірибемде сабақты интертақтасыз барынша қызық өткізуге болатынымен бөліскім келеді.

2024-2025ж оқу жылы “жасанды интеллект” жылы деп жарияланғандықтан, барлық сынып бөлмелері интертақтамен жабдықтамағандықтан, оқушыларымыз қазіргі таңда дамып жатқан платформа, ЖИ құралдарымен таныс болу үшін, маған берілген сынып топтарымен алғашқы оқу жылының барысында **Whatsapp** желісінде өз чатымзды ашып алдық. Мақсатымыз - телефонды пайдалымақсатта қолдану.

Ең алдымен, тақырыпты түсіндіру, ашу мақсатында **Gamma.app** приложениесі арқылы презентация жасап аламын. Тақырыбымызды жазсақ сайт автоматты түрде жасап береді. **Fliki.ai** приложениясы арқылы керекті мәтінімізді аудиомәтін немесе видеомәтін ретінде жасап береді. Тұлғаға байланысты тақырыпты ашуда **D-ID** таптырмас приложение. Дайын материалдар оқушылардың чатына жіберіледі, осылайша бүгінгі оқу тақырыбымен танысады.

Жазылым, грамматикамен жұмыс барысында, ойын элементтерін сабаққа енгізуді көп қолданамын:

- Сөздер жасыру - оқушылардың логикалық қорларын байытады;
- Викториналар - жарыс рухын қалыптаструға мүмкіндік береді;
- Эстафеталар - жылдамдық пен оқушылардың белсенділігін арттыруға көмектеседі;
- Көрнек құралдарды, платформаларды тиімді пайлануда **Wordwall, educaplay, learning.app, joyteka.com** көмегіне жүгінемін.

Қорытындылай келе, интертақтасыз сабақты өткізуде оқушылардан байқағаным:

1. Белсенділік - оқушылар өз бетінше ойлауы дамып, сабаққа барлығы белсенді қатысады;
2. Терең түсіну - тақырыпты ашудағы қолданылған, тапсырмаларды орындауда қолданылатын приложение, платформалар оқушылардың тақырыпты, ережені терең түсініп, есте сақтауына көп септігін тигізеді.
3. Шығармашылық - шығармашылықтарын дамытып, жаңа идеяларды ұсынуына мүмкіндік береді.

